

В НОМЕРЕ:

5

**Ұл-қызым,
саған айтам...**

9

**«Я помню,
я горжусь!»**

14

**Жақсылық
мейрамы – әз
Наурыз!**

ГАЗЕТА
ПАВЛОДАРСКОЙ
ОБЛАСТНОЙ
ДЕТСКО-ЮНОШЕСКОЙ
ОРГАНИЗАЦИИ

№№5-6

(312-313)

от 31 марта
2020 года

сенің әлемің

Наурыз ежелден бері тойланып келетін мереке. Ол қазақ халқының жаңа жылы. Наурызда күн мен түн теңеледі. Оның алдында адамдар арық қазып, ағаштар отырғызады. Наурыз басталғанда адамдар төс қағысып амандасып, біріне қонаққа барып, дастархан басында наурыз көже ішеді. Наурыз көже жеті дәмнен даярланады. Олар сүт, айран, тұз, су, күріш, мейіз, сүр ет. Наурыз көжені ішкен адам жыл бойы тоқ жүреді. Барлық қазақ халқын Наурыз мерекесімен құттықтаймын! Алдағы жылда тек қана сәттілік тілеймін, еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

Бахтияр Даниялов,
Б.Момышұлы ат.ЖОМ-нің оқушысы





Игра «Жас батыр»

В нашей школе в течение года проходит много интересных мероприятий. Одно из них - игра «Жас батыр». По-весеннему теплая погода собрала учеников 5-9 классов на школьном катке. Со словами приветствия выступил преподаватель - организатор НВиТП Королев Ю.Г. Затем нас разделили на четыре команды: «желтые», «синие», «красные», «зеленые». Цветные ленточки были завязаны на рукава поверх одежды. Каждая команда получила свою «Карту маршрута» и - вперед! Игра состояла из пяти конкурсов.

Сначала мы оказались на «минном поле», нашли 4 мины. И двинулись дальше. Смеясь, мы



перевозили 2 членов команды с одного края школьного катка на другой на тележке для стройматериалов. Потом было прохождение каната. Скажу честно - легкий конкурс. Очень весело было в

конкурсе «Меткий стрелок» - нужно было закинуть снежки в корзину, или чашку («посуда») у каждой команды была разная. Мы показывали, как умеем оказывать первую медицинскую помощь. На каждом конкурсе учителя отмечали выполнение заданий на «Маршрутном листе». Благодаря этим «Листам» мы не мешали другим командам, работали четко, слаженно. После

прохождения маршрута и сдачи «Карты маршрута» мы дружной командой отправились в школьную столовую, где нас ждали накрытые столы. Это был самый незабываемый конкурс «Кухня». Мы пили ароматный чай с рулетами, кексами, что напекли своими руками.

На линейке после игры Королев Ю.Г. объявил итоги. Мы, «красные», заняли 3 место. Команды наградили грамотами.

Игра «Жас батыр» нам понравилась. С нетерпением будем ждать следующую игру.

**Даутханова Ясмин, 6б класс
Павловская СОШ Успенский район**

Ризамын, елім саған!

Первый день весны казахстанцы встретят со словом «Спасибо». Вот уже 4 года страна отмечает День благодарности. Новый праздник появился в Казахстане по инициативе Первого Президента Республики Казахстан - Н.А.Назарбаева. В Береговой СОШ прошло общешкольное мероприятие «Ризамын, елім саған!», приуроченное ко Дню Благодарности и к 25-летию Ассамблеи народа Казахстана.

По традиции, в начале мероприятия проведен обряд «шашу». Библиотекарь Ольховская Т.Д. рассказала о значении праздни-



ка и истории его возникновения. Учащиеся 5-7 классов рассказывали стихотворения, пели песни. Ученики 9, 11 классов исполнили

танцы народов Казахстана. Были показаны тематические видеоролики.

Главный смысл этого праздника - единство всех народов и сохранение памяти о массовых депортациях целых семей в Казахстан в начале прошлого века. Вместе с казахами испытание репрессиями и голодом проходили все, кто приехал когда-то в Казахстан в результате депортаций. Казахи принимали их как родных, хотя сами находились в крайней нужде - делились кро-

вом и последней лепешкой. Наша республика давно стала домом для миллионов людей разных национальностей. Все народы, проживающие в Казахстане, живут дружно, одной сплоченной семьей и гордо именуют себя казахстанцами. В этот день все национальности могут поблагодарить казахов за неравнодушие, которое они проявили к людям в тяжелое время.

**Ольховская Т.Д.,
библиотекарь
Береговая СОШ район
Терекөл**

Хобби или призвание?

Сколько я себя помню, я любила танцевать. Бабушка помнит, как я маленькая танцевала перед экраном телевизора. Дрыгала детскими ножками, взмахивала ручками и пыталась сесть на шпагат, чем здорово всех пугала.

И вот я второй годхожу в хореографический кружок. Занимаюсь я в прекрасном коллективе, который носит название «RoyalKids». Нашего хореографа зовут Ана-

стасия Алексеевна, она молодой, но очень талантливый педагог. Я забываю обо всем, когда танцую, чувствую радость, когда выхожу на сцену и слышу аплодисменты.

Хобби есть у каждого человека, кому-то нравится рисовать, кому-то петь, кому-то танцевать. Главное найти себя и свое призвание.

**Ягодка Арина, юнкор
СОШ№43 г.Павлодар**

Скорее бы лето!

Как же я люблю лето: яркое солнышко, зеленая травка, теплая речная водица, в которой купаются малыши! Я учусь в четвертом классе. Целых четыре года я пишу, считаю, читаю и порядком мне уже это надоело - дробь и проценты.

Скорее бы лето, а то скучно сидеть за партой и строчить ци-

ферку за циферкой, букву за буквой. Сейчас бы мороженого, купаться и загорать. Жаль, что мы не можем ускорить время, а так хотелось бы!

А 26 июня будет мой день рождения, наверное, поэтому я люблю лето больше всего.

**Жукова Софья,
СОШ№43 г. Павлодар**

ПОБЕДА!

Много лет прошло с того момента, Как закончилась Великая война, Но в сердцах людей, в их памяти и лицах

Навсегда останется она. Знаю по рассказам наших предков, Как бывало жутко им порой, Солдаты на смерть там сражались, На минах танки подрывались, И в восемнадцать лет свои За мир отдали жизнь они. И сколько б весен не прошло... Одну мы будем помнить свято. Весну, которую народ Великой сделал в сорок пятом!



**Кабсалыков Нурдаулет,
1 «И» класс
СОШ № 43г.Павлодара**

Ради жизни на Земле изучаем ПДД



С целью закрепления знаний детей о правилах дорожного движения и профилактики детского дорожного травматизма среди школьников. В СОШ № 21 лидерами детско-юношеской организации «Жас Ұлан» Варлаковой В., Жунусовой А. (8 «Д» класс), библиотекарями Шахмановой А.Ж., Шильдебаевой З.А. проведена викторина «Ради жизни на Земле изучаем ПДД» среди учащихся 1- 4 классов. В ходе викторины

повторили дорожные знаки, отгадывали загадки, поиграли в игру «Разрешается-запрещается». В завершении мероприятия школьникам вручили памятку «Обязанности пассажиров» и дипломы за знания правил дорожного движения.

**Родионова О.В.,
старшая вожатая
СОШ № 21
г.Павлодар**

Моя бабушка родная

В день 8 Марта бабушку родную Обниму и крепко-крепко расцелую.

Нет ее прекрасней, нет ее добрее, Нет на свете лучше, нет ее мудрее.

Пусть тебе, бабуля, ярко солнце светит, Навещают, любят, ценят внуки, дети!

Пусть твоя улыбка душу согревает.

Ты у нас, бабуля, лишь одна такая!!!

**Опарина Регина,
5 б класс Береговая СОШ,
район Терекөл**





Что мы знаем о войне?

Кадры из фильмов, второпя прочитанные книги, редкие встречи с ветеранами – их уже так мало осталось... Два года назад появилась идея рассказывать детям о войне стихами. Был создан Межшкольный конкурс, в котором принимали участия не только из кружка «Юные журналисты», но и все желающие ученики нашей школы, и оказалось их неожиданно много. Для меня это знак того, что мое поколение помнит историю, хранит память о по-

гибших воинах и мирных жителях. Недавно, Татьяна Сергеевна Корешкова – хранитель фонда Дома музея Павла Васильева, пригласила призеров прошлогоднего Межшкольного конкурса в библиотеку для незрячих и слабовидящих. Мы побывали там впервые и с интересом разглядывали специальные книги и стеллажи, заполненные аудио кассетами и CD дисками. А потом мы по очереди заходили в специальную студию звукозаписи и с выраже-

нием читали подготовленные стихотворения. Я читал произведение Константина Симонова «Жди меня».

А еще для меня стало событием встреча с Е.Ю. Игнатовской, редактором детской странички в нашей любимой «Звезде Прииртышья», и знакомство с Т.В. Окольничей – председателем Павлодарского литературного объединения. Я надеюсь, что моя декламация понравится слушателям, что я смог голосом и интона-

циями передать то огромное желание жить и победить, которое К.Симонов доносит нам в своем стихотворении.

Для меня участие в этом проекте стало новым опытом. Ещё хотелось бы сказать, что в этом году мы планируем вновь провести уже 3 Межшкольный конкурс стихов о войне.

Комаристый Александр,
юнкор
г.Павлодар, СОШ№43

Воспитавай в себе гражданина



2 марта в Береговой СОШ прошла правовая игра «Воспитавай в себе гражданина» для учащихся 7-11 классов. Это мероприятие проводится в рамках Межведомственного плана совместных действий по профилактике насилия и жестокого обращения в отношении детей. Во время игры учащиеся работали с нормативными документами, выполняли различные задания – разгадывали анаграммы, отвечали на правовые вопросы, находили выход из заданных ситуаций и т.д. Итогом стал конкурс плакатов «Я - гражданин». Учащиеся самостоятельно изложили на плакате инфор-

мацию по правам и обязанностям несовершеннолетних. Команды были награждены грамотами.

Правовое воспитание – одно из ключевых направлений воспитательной работы Береговой СОШ. Воспитавай в ученике гражданина – задача непростая. При нынешней свободе доступа к информации, через социальные сети привлекать детей к традиционным нормам и устоям стало очень сложно. Не способствует воспитанию и большая свобода со стороны родителей, которые не всегда понимают требования и озабоченность педагогов. Многие подростки правовую информацию получают только в школе – от учителей или инспекторов по делам несовершеннолетних.

Жантиминова М.Ж.,
зам.директора по ВР
Береговой СОШ
Района Тереңкөл

Природа - бесценный дар



Природа постоянно присутствует в жизни человека, влияет на его состояние, является для него источником живительных сил. Природа чутко реагирует на отношение к ней. Человек, понимающий и чувствующий природу, получает в руки бесценный дар.

Шестиклассниками КГУ «Школа-лицей города Аксу» создан сайт «Природа Аксу», на котором публикуют фотографии природного мира родного края. С младшими ребятами проводили игры и беседы о защите природы родного края. Кормили птиц зи-

мой. Встретились с дворником лица и взяли интервью. Ребята познакомились с нелегкой работой дворника Дуржанова Марата Аскарбековича, который ежедневно поддерживает порядок на территории нашего любимого лица, очищает от снега и льда.

Ребята приняли решение высадить весной ещё больше деревьев и кустарников, соблюдать чистоту на территории школы.

Наша планета создана для того, чтобы радовать нас, и мы должны ценить тот дар, что нам достался - нашу природу. Природа не умеет защищаться, она просто погибает, так поможем же беззащитным созданиям, будем жить с природой в гармонии, беречь и защищать её.

Р.Галиуллина,
педагог-психолог,
Школа-лицей города Аксу

Так просто делать добро

В социальный проект «Так просто делать добро» ребята из 1 «Г» класса школы имени М.Ауэзова включились в сентябре этого года. Присоединиться к благотворительной акции нам подсказала статья «Добрые крышки в помощь детям сиротам». И буквально на следующий день в наших «контейнерах» (обычные блиндровые бутылки из-



под питьевой воды) поселились веселые персонажи - крышарики. Не было ни одного дня, чтобы наши контейнеры не пополнялись новыми крышечками. Их приносили не только сами дети, но и родители. Оказалось, что сбор крышечек - занятие очень увлекательное.

Собирая пластиковые крышечки, мы имеем возможность не только помогать природе и людям, нуждающимся в этом, воспитывать экологическое сознание, но и приучать наших ребят с детства совершать добрые поступки.

Дюсекеева Л.Б.
учитель начальных классов
СОШ имени М.Ауэзова

1 апреля – Международный день птиц

Как много на нашей планете различных птиц! И у каждой птицы есть своя профессия, которую она любит и с удовольствием выполняет.

Чуть свет - птицы на крыло. Скворец работает в сутки 17 часов, ласточка - 18 часов, стрижи - 19 часов, горихвостка - 20 часов. А у людей рабочий день продолжается всего-то 8 часов.

Вот так добросовестно несут вахту наши пернатые друзья, работая больше светового дня. Да меньше им работать и нельзя. Ведь чтобы накормить своих детей, стриж должен принести корм за день не меньше 30-35 раз, скворец - 200 раз, ласточка - 300 раз, а горихвостка свыше 450 раз. Работают, не покладая... крыльев.

До весенних каникул в школьной библиотеке работала творческая мастерская – ученики 1-4 классов рисовали наших пернатых друзей. А попутно отвечали на вопросы викторины, которую составила школьный библиотекарь. Попробуйте и вы ответить на некоторые вопросы – проверь-



те свое знание птичьего царства.

- Кого называют царем птиц?
- Какая птица самая большая в мире?
- Какая самая маленькая птица?
- Какая птица быстрее всех летает?
- Какая птица летает выше всех?
- Какая самая маленькая птица обитает в нашей стране?
- Какая птица имеет длинный хвост?

■ Какая птица может летать хвостом вперед?

■ Какая птица наших лесов лучше всех подражает птичьим голосам?

■ Какая птица является символом красоты, чистоты и нежности?

■ Какая птица считается хозяйкой ночного леса?

■ Какая птица живет в гнезде-корзинке?

■ Какая желтая птичка с черным галстуком строит гнездо на

песке и гальке?

■ Какие птицы ловят насекомых на лету?

■ Какие птицы хранят верность друг другу всю жизнь?

■ Какие птицы получили названия благодаря своим клювам?

■ Какие птицы выводят птенцов дважды в лето?

Берегите природу, дорогие ребята!

Пресс – центр СОШ№43
г.Павлодар



№№5-6
(312-313)

от 31 марта
2020 года

Б.Момышұлы атындағы жалпы орта білім беру мектібінің 4 «д» сынып оқушыларының шығармалары

Ерлікпен келген Ұлы Жеңіске- 75 жыл!

1941 жылғы 22 маусым – жалпы тарихта мәңгі қалатын қасіретті күн. Жетпіс тоғыз жыл бұрын басталып, халықтарды қатты күйреткен жалмап шығатын ажал. Әр жыл сайын еңбек ардагерлері, облыс орталығындағы кәсіпорындар мен ұйымдардың өкілдері, студенттер –елі мен жері үшін өмірін қиып, туған жерге оралмаған қаһарман ерлерді еске алып, рухтарына тағзым етеді. Кеңес Одағының тұрғындары 5 жыл бойы күндей күркіреген соғыста – 1418 күн мен түндерде, бүкіл жігерімен Жеңіске ұмтылған... Миллиондаған адамдар мерт болды. Миллиондаған адамдар мүгедек болып қалды. Бірақ бәрібір Берлиндегі Рейхстаг үстінде жеңіс туы желбірей көтерілді. Осы жеңісте Қазақстаннан шыққан қаһарманмен жауынгерлердің қанымен, жанымен мына жарық өмір үшін аянбай ұмтылған зор үлестері бар еді. Соғыс қимылдары әлемнің 40 мемлекетінің аумағында жүрді. Ең

соңғы деректер бойынша бұл алапатта 60 мил. адам қаза тапты. Кеңес Одағының адам шығыны ресми түрде 27 мил. адамгершілік, тәрбиелік, отансүйгіштік, жас ұрпаққа қамқорлық, әділеттілік пен тазалықтық қорғаушысы болған ерекше миссиясы туралы айту парыз. Иә, майдангерлер қай салада да үлгі болды. Біз ата-бабаларымыздың рухына тағзым ретінде олардың ерен ерліктерін, жер, Отан, біздердің жарқын болашағымыз үшін жасаған ерліктерін мәңгілікке есте сақтап, жадымызда ұстаймыз. Қанша жылдар өтсе де, бұл соғыста ерлікпен қаза тапқан әрбір батырларымыздың тарих төрінен орын алатыны және ұрпақтары мәңгі жеңіс алауын сөндірмей, Отан үшін от кешкендерді әрқашанда жүрек түпкірімізде ұстаймыз.

Ахметов Тамерлан

Жеңістің 75 жылдығы

Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмақ емес! Соғыс – күйретуші күш! Дәл солай! Бар-

ды жоқ ететін, тауды жер ететін. Жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрін жалмап жұтатын тажал. Сол қанды кезеңді еске түсіріп, елестететін газет-журнал материалдары немесе радиотелехабарлар, кинолар аталар ерлігін мақтаныш тұта бізге жеткізді.

Иә, содан бері 75 жылдан астам уақыт өтсе де, ешнәрсе де ұмытылған жоқ.

Ұлы Отан соғысы... Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгі қалатын күн. Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды. Жеңіс күні соғыстан оралмай қалған ерлеріміздің рухына бас иіп, арамызда жүрген соғыс ардагерлеріне құрметпен қарап, олардың қайсарлықтары мен ерліктеріне тағзым ететін күн.

Тайсалмас Аяна



Желбіре, Жеңіс жалауы

Сол кездері барша жанды азапқа салдырып, жандарын шүберекке тидірген екінші Дүниежүзілік Ұлы Отан Соғысы кезіндегі әрбір сәт, әрбір уақыт адамдардың қорқынышты түсі болғандай. Көз ашылмай қатарынан 4 жыл бойы жалғасқан сол бір сұрапыл соғыс ешкімді де айналып өткен жоқ. Елді қорғау үшін, намыс үшін, ұрпақ үшін әрқайсысының әкелері, жарлары, балалары, аға-бауырлары аттанған майдан аяусыз болды. Найза, қылыш, қару, танк, автомат, пулемет, пушка сынды атының өзі де сондай қатал, сондай қорқынышты құралдардың көмегімен не сен өлтіресің, не сенің жаныңды жау алады. Сол жерде қанға қан, жанға жан деп аянбай күреске түскен барлық ерлігі ерең, жаудан тайсалмаған, дұшпанға тура барып, не болса да, дәл қазір жан пида болса да, соңғы демі біткенше жеңісті өзгелердің қолына тектен тек бермеу үшін батырларымыз аянбады. Елестеткен сай-

ын жан қиналады. Осыншама тағдырыдың тауқыметін көрген халықтың жағдайын елестетудің өзі қиын. Сол жылдары тек сарғайып, сарылып, соғысқа кеткендерді күту аса қиын, себебі ол жерден оралу, оралмай бір белгісіз нәрсе. Батырлардың майданға аттанардағы мойындарына арқалаған парыз, аманаттары тек міндет болған соң емес, сонында ерген нәрестелер, балалары, өмірлік жарлары, кезінде түн ұйқысын төрт бөлген аналары үмітін артып, қаһармандарын көз үзбей, жолға қарап, тосып отырған. Мөлдіреген жанарларда мұң да қорқыныш та, сенімсіздік пен алаңдаушылық көрінген. Бірақ жүректерінде сенім оты ұйалап тұрған. Мұндағы ең өкініштісі біреулері оралып, біреулері сол бір аңсаған жеңісті де көре алмай, қанды шайқаста жандары қиылып, о дүниелік болып кетті. Есесіне тұғырлы жеңісті қолға алып, бізге тыныш өмір сыйлады. Біз елге белгілі көптеген батырларымызды, қыздарымызды жақсы

білеміз. Олар ерліктің ерең үлгісін көрсете білген. Қашан да айтып отырсақ та артық етпейді. Оларсыз жеңісті көруіміз екіталай болатын ба еді, кім білсін?

Тарихқа үңіле қарасақ, Орта Азия елдерінен соғысқа 3 миллион жауынгер қатысып, соның 1 миллион 366 мыңы қазақстандық болған деседі.

Өкініштісі қазақстандық жауынгерлердің әрбір екінші жауынгері шайқаста көз жұмған. Дәл осы тарихымыздың арқасында оларды есте сақтап, асқақтап жүрміз.

Бауыржан Момышұлы, Талғат Бегельдинов, Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова, Талғат Якубекович, Амантай Даулетбеков сынды батыр, ер жүрек қаһармандардың саны көп ақ.

Десек те біз бәріне алғысымызды білдіріп, тағзым ету керекпіз.

Қазақ халқының, елінің батыл, батыр ұлдары мен қыздары көптен көп. Солардың бірі біздің Павлодар қаласынан шыққан:

Отан қаһармандары

Жарқын болашағымыз үшін, тәуелсіздігіміз үшін күрескен Ұлы Отан соғысының қаһармандарының еңбегі зор. Фашистік Германиядан туған жерін қорғау үшін мыңдаған қазақстандықтар қатысты. Бұл соғыста Павлодар облысының жауынгерлері аянбай күресті. Соғысқа қырық мыңнан астам жауынгер қатысты. Бүкіл ер боп әйел, бала, еңбекші, жұмыскер бейбітшілік үшін күреске жұмылды. Менің аталарымда Ұлы Отан соғысына қатысты, Төлеу атам не бары он сегіз жасында майдан қиындығымен бетпе-бет кезікті. Сондықтан біздің отбасымызда жеңіс күнін ерекше атап өтеді.

9 мамыр - бұл мереке ғана емес, бұл ауыр еңбек, бұл халықтың батырлығы. Біздің парымыз - бұл күнді еске сақтау. Біздің ардагерлеріміз! Олар кемде-кемде қалды. Оларға лайықты көрілікті қамтамасыз ету, оларға көмектесу керек

Шайхысқақ Айзер

Құдайберген Қапсаямов, Вячеслав Чернышев, Иван Бабин, Құдайберген Сұрағанов, М.Кайырбаев жалпы саны қаламыздан 40486 батырларларымыз аттанған.

Сұм соғыстың жауынгер алмаған отбасы болмаған шығар. Менің аталарым да оңайлықпен келмеген жеңістің куәсі болды. Менің де ата-бабаларым бұл жетістікке жетуге қандай да болсын үлесін қосқандығы бойыма мақтаныш сезімін сыйлайды. Олар әже-атамның әкелері, яғни менің арғы аталарым: Кулманов Арын Сыздықұлы және Айбасов Базарбай Тілеубайұлы. Шіркін, осы да өзге жауынгер, батырларымыздың соғыс алаңында жауға төтеп беріп, 4 жылдан кейін Ұлы Жеңістің келгендігіне 75 жыл болыпты. Ешқашан да елімізге соғыс көруді жазбасын. Және әлемде мәңгі бейбітшілік орнап, елдер арасында ынтымақтастық болса екен деп тілеймін.

Бейсембай Камила

Бейсен атам туралы



Соғыс туралы әңгіме қозғалса, есіме аяулы анашымның әкесі есіме түседі. Сұрапыл соғысқа біздің анамның әулетінен менің нағашы атам Қалиұлы Бейсен аттанған болатын. Менің атам 1922 жылы 1 қазанда Ақсу ауданы Қызылжар ауылында дүниеге келген екен. 1941 жылы Бейсен атам соғысқа атаныпты. Менің атам жас жауынгер дайындау курсына жіберіліп, бір ай дайындық пен оқу жаттығулардан өтіп, мойны-

на қол пулеметін асып алдыңғы шепке, майданға аттанады. Ол Сталинград шайқасында 205 атқыштар полкының 52 атқыштар дивизиясында пулеметші болып тағайындалыпты. 1942 жылы шілде айында сол қолына қатты жарақат алып, госпитальда 1943 жылы шілде айына дейін емделді. Көрсеткен ерлігі үшін ол «Қызыл жұлдыз» орденімен марапатталды.

Атам мен әжем 9 бала өсірген. Анашым Ардақ үйдің кенже баласы. Қазіргі таңда атам-мен әжемнің 19 немересі, 22 шөбересі бар. Атам соғыста ауыр жарақат алған соң, тек қана күзетші болып жұмыс атқарған. 1981 жылдың 6-шы желтоқсан күні атам дүниеден өтті.

Атамның жеңіске қосқан батырлығы үшін, Бейсен атамның ұрпағы болған үшін мен мақтан тұтамын!

Даяна Куламбаева

Иван Бабинге арналады

Билесің бе балақан,
Бүгінгі арай ала таң,
Келген үлкен Жеңіспен,
Майдан кешкен Ұлы
Отан.

Танытты ерлер бірлікті,
Бірліктен жау дүрлікті:
«Шеттерінен жаужүрек,
Өрлік қандай сыр бүкті?»
Жақындатқан жеңісті,
Жауынгер көп жер үсті,
Бірі- ерен ерлердің
Иван Бабин еді.
Шырқаған ел жыр- әні,
Ерлік болған ұраны,
Жеңістің бір иесі,
Железинка қыраны.



Бейсембай Камила



№№5-6

(312-313)

от 31 марта
2020 года

ҰЛ-ҚЫЗЫМ, САҒАН АЙТАМ...

Айтта, Наурызда, мереке күндерінде «құтты болсын» айтуды ұмытпа.

Танитын адамдарға қуанышына ортақтасуды немесе қайғысына көңіл айтуды ұмытпа.

Тәңірге, әруаққа, халыққа тіл тигізбе.

Ата-анаңа әдеппен сөйле, құрметпен қара, айтқаның сөзсіз орында және оларды әулие тұт.

Біреудің киімін (жақсы болса да) киюге әуестенбе.

Өнердің қай түрі болса да үйренуден жалықпа.

Туыс-туғандарыңды, нағашы жиендеріңді, тағы басқа ілік, құда, жекжаттармен жиі қатынасып, араласып-құраласып жүр. Оларды өзіңе жақын тұт.

Туған жеріңді ұмытпа. Ол жерге жиі барып тұр. Бір уыс топырағын үйінде қастерлеп сақта.

Ата-баба қорымдарына соғып, оларға дұға оқуды ұмытпа.

Біл, білме жолдағы қорымдарға дұға оқып, бет сипауды есіңнен шығара көрме.

Көп адам жиналған жерге сәлемдеспей өтпе.

Ауру адамның көңілін сұрауды



ұмытпа. Бірақ кешке, түнде көңілін сұрауға болмайды. Ауру адамға қайғылы хабарды айтпа.

Лауазымы үлкенге жалпаңдама, лауазымы кішіге кекірейме.

Әр істе әділ бол. Әділ болсаң әлді боласың.

Абай өлеңдерін жатта. Абай өлеңі – білім, ғылым, үлгі, өнеге, тәлім, тәрбие, адамдық кілті.

Өзіңді кім сыйласа, оны сен де сыйла, құрмет көрсет.

Қаруың – білімің мен тілің, сүйенішің, тірегің – ақылың болсын.

Ерлі-зайыптылар бір-біріне жала жабуға және өте ауыр сөз

айтуына болмайды.

Балаларыңның алдында ата-аналар өзін әділ, әдепті ұстауға тиіс.

Ұрлық, күш жұмсау, біреудің мүлкін, үйін өртеу, зорлық өте ауыр күнә.

Күнә мен кінә бірдей емес.

Тақыт пен бақыт бірдей емес.

Қызығу мен қызғану бірдей емес.

Мақтану мен мақтау бірдей емес.

Сыйластық пен сыбайластық бірдей емес.

Оқу мен тоқу бірдей емес.

Атақты адам болғың келсе, сондай адамдар туралы оқы да тоқы.

Құрметті адам болғың келсе – көптің сөзін сөйле, халық жағында бол.

Бақытты болғың келсе ізгі істерге бойынды үйрет, жаман әдеттен қаш.

Әр құралды өз орнына пайдаланатын бол. Мысалы, күрекпен шеге қақпайды.

Пайдакүнемдік, айлакерлік,

құлық жақсылыққа бастамайды.

Азғындаушының азығы – арақ. Одан өзің де, өзгені де сақтандыр.

Өнер адамдарын үлгі тұт. Өнерге сүйіспеншілікпен қара.

Ата-анаңа, ұстазыңа,

жетекшіңе ажырайып қарама, қатты сөйлеме.

Жұрт алдында әдепсіз сөз сөйлеме, ерсі қимыл жасама.

Жұдырық жұмсау жігітке абырой емес.

Басқа қызға, басқа біреудің келіншегіне көп қарама.

Қыздар-ау, көп сықылықтамаңдар.

Жұрт жұмылып жатқан істен шет қалма.

Көмек сұрағандарға, апатқа ұшырағандарға қол ұшыңды бер.

Отан, халық алдындағы борыштарыңнан бас тартаушы болма.

әзірлеген.

Бегімхан КЕРІМХАНҰЛЫ

М.Әуезов атындағы ЖОББ

мектептің қазақ тілі мен

әдебиеті мұғалімі

Павлодар қаласы

Қазақстан Журналистер

Одағының мүшесі

Сұлужон жалпы орта білім беру мектебінің оқушыларының шығармашылығы

Абай – ақын, жазушы
Абай – асыл, ақылды.
Құрметтейміз мәңгілік,
Абай сынды ақынды.
Әр адамға жол көрсеткен Абай ата,

Әр адамға ақыл айтқан Абай ата.

Абай жолын қуып келеміз енді біз де,
Ұлы Абай ұмытылмас әрқашанда.

Бөкен Айша, 5-сынып

Абай ақын атамыз,
Өлеңінен үлгі аламыз.
Біліміміз кеңейіп,
Биік шыңнан асамыз.

Ерсін Саян, 3-сынып

Анашым

Аспандағы айдай болып жүріңіз,
Жарқыраған жұлдыз болып күліңіз.

Ақ сүтіңнен айналайын, анашым!
Сізді ғана жақсы көрем анашым!

Мені туған анам, мейірімге бөлеген,

Сізге тілек айтамын мен осы өлеңмен.

Ақ сүтіңнен айналайын, анашым!
Сізді ғана жақсы көрем анашым!

Нұрмахан Ақниет, 2-сынып

Қазақтың біртуары Абай ата,
Өмірде қайта тумас сіздей дара.

175 жыл болса да бүгін міне,
Салып кеткен біздерге жолды сара.

Ақылгөй, данышпан, кемеңгер Абай ата,

Біз, жас ұрпақ, үлгі етеміз сізді ғана.

Болашаққа зор үмітпен алға тартып,
Жаттаймыз өлеңіңді мақтан тұта.

Телеуғазы Ақмарал, 5-сынып

Әр сөзіңіз санамызда жаңғырық,

Абай ата жасай берші мәңгілік.

Абай ата құрметтейміз біз сізді,
Жырға қосып әрқашанда ән қылып.

Айтмаханов Нұрислам, 5-сынып

Асыл тұлға, философ өзі хакім,
Бар қазаққа танылған сенің атың.

Ғасырдың жаңғырығы – ұлы Абай,
Біздерге мұра болып қалған хатың.

Болды ғой бұл фәниде жаның жалғыз,

Қазаққа тәңірінен бағын алғыз.

Сіз жүрген жолға келіп тоғысқанбыз,

Бүкіл қазақ қашан да жаныңдамыз!

Кеңес Естай, 5-сынып

Абай дана, Абай дара, қазақта,
Ондай тұлға болмапты ғой бұрында.

Тақия, шапан бейнесі
Өнер, қалам кеңесі.

Мен үшін бір киесің,
Сен қазаққа үлгі тұтқан бейнесің!

Шалбай Айша, 5-сынып

Болғаннан соң данамыз,
Абайдан қуат аламыз.

Абайменен ашылар,

Біздің білім санамыз.

Кудайбергенов Нұрсұлтан, 6-сынып

Сөз әлемі секілді әр ақынның,
Қалықтаған қанаты қара өлеңде.

Қазақ тарихындағы қымбат тұлға

Қазақ атын шығарған бар әлемге.

Бокенова Аружан, 6-сынып

Абай деген – қазағымның данасы,
Абай деген – ақылдылар панасы.

Абай теңдес ақын болмас қазақта

Оқымаған ұлы Абайды қазақ па?!

Шиденова Дильназ, 7-сынып

Абайға 175 жыл толған екен,
Абай ойшыл, ұлы ақын болған екен.

Бүгінгі ақындардың барлығына
Абайдай тұлға болу арман екен.

Кудайбергенов Асет, 8-сынып

Абай – заман тынысы

2020 жылы Қазақстан Республикасы еліміздің ұлы да, әйгілі философы, ақын, композитор әрі саясаткер Абай Құнанбайұлының 175 жылдығын атап өтеді. Абай Құнанбайұлы халқымызға ақын ғана емес, қазақ балаларын оқуға шақырған тұлға ретінде де танылды. Абай бала кезінен білімге құштар болып өсті. Зере атты әжесінің тәрбиесінде өсіп, оның әртүрлі аңыз-әңгімелерін тыңдап, бала Абай сөзге шешен, зерек болып өсті. Ақынның өлеңдерінің мазмұны жағынан да, көркемдік бітімі жағынан да ерекшеленіп тұрған шығармалары өте көп. Ал оның ақындық қуатын танытқан үздік туындының бірі – «Қансонарда». Өз өлеңдері мен шығармалары арқылы Абай



Құнанбайұлы сол жылдардағы халықтың тұрмыстық өмірін, сол жылдардағы салт-дәстүрлерін бейнелеп, бізге және ары-қарай біздің ұрпағымызға жеткізгісі келді.

Менің ойымша, оның шығармалары барлық қазақ баласы мен халқын ойландырды.

Себебі, шынымен де Абай атамыз айтқандай, әр адам өмірде бес нәрсеге асық болып, бес нәрседен қашық болуы қажет. Әр нәрсенің, әр адамның бұл өмірде орны мен уақыты бар. Тек барлығы өзіміздің қолымызда. Бұрында, ақын айтқандай «Ақыл мен еңбек-бәрін жеңбек».

Қазақстаннан гөрі, Абай Құнанбаевтың «45 қара сөзі» тағы орыс, қытай, француз тілдеріне

аударылып, сол елдерге де әйгілі болды.

Міне, уақыт зымырандай тез өтеді деген шындық болар. Ақынның 1845 жылы дүниеге келгенінен 175 жыл да өтіп кетті. Уақыт өтеді, заман өзгереді. Бірақ, әйгілі философ пен ақынның нақыл сөздері әрқашан халық аузынан кетпейді. Қазіргі таңда, Абай Құнанбаевтың 175 жылдық мерейтойын ЮНЕСКО және ТҮРКСОЙ аясында атап өтуге жоспарда бар екен. Осылайша, Қазақстанымыздың патриот ақыны өзінен кейін ұрпағына сатылмас, қымбат та, асыл қазына қалдырып кетті.

Мадина Сатвалдинова, ЖОМ №37, 8 «в» сынып



Жыл басы-Наурыз

Қазақ халқымыздың ежелден желісі үзілмеген салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары, рухани, мәдени қазыналары ұрпақтан-ұрпаққа ауысып, өзгеріп, жаңарып жетуде. «Халқым қандай десең, салтымнан сынап біл» дегендей кез келген салт-дәстүрден сол халықтың мінез-құлқы, үлгі-өнегесі, ақыл-ойы, даналығы көрінеді.

Халқымыздың көнеден келе жатқан тойының бірі-Наурыз мейрамы. Ол парсының «Наурыз» «Жаңа күн» деген сөзінен шыққан. Бұл күнді «Ұлыстың ұлы күні» деп те тегін атамаған. Өткені бұл күнде күн мен түн теңеліп, табиғаттың жандануы кімнің болса да, көңіліне шаттық ұялатады. Қыстың өтіп, жаздың келуіне кім болса да қуанады ғой. Әсіресе

қазақтан артық тілектес болып, қуанатын халық жоқ деуге болады. Қыстай күткен малының аузы көкке, адамның аузы аққа тиетін күн. Сөйтіп халық Ұлыс күнді «жыл басы» деп атайды.

Наурыз мейрамы – ежелгі заманнан қалыптасқан жыл бастау мейрамы болып табылады. Қазақ халқы «Наурыз» демей, «Амал» деп те атаған.

Наурыз – көктем мерекесі деп аталуымен қатар молшылық пен ырыстың бастауы. Сонымен қатар имандылық мерекесі деп те атауға болады.

Қазақта «алдыңа келсе, атаңның құнын кеш» деген сөз бар.

Ұлыс күні кәрі-жас, Құшақтасып көріскен, – дегендей

мереке күні бір-біріне реніші бар адамдар кешірімділікке барып, төс қағысып қауышады.

Бұрын көшпенділердің түсінігі бойынша әрбір жыл алты ай жаз, алты ай қысқа бөлінген. «Амал» айы туғанда, «қарды уақытымен ерітіп, көкті мезгілімен шығара көр» деп. Тәңірге мал атап, тасаттық берген.

Қазіргі кезде де халқымыз қыстың аяғы қалай болар екен, наурыз мерекесі кезінде ауа райы бұзылмаса екен деп тілейді.

Наурыз мерекесін мейрамдау бүкіл түркі жұртына тән қасиет. Біздің елде басқа ұлт өкілдері де тұрады.

Ең бастысы елімізде мереке күнін бірлікпен, өзара сыйластықпен жарасымды

түрде жалпыхалықтық мейрам ретінде атап етудеміз. Наурыз мейрамы-салт-дәстүрді, әдет-ғұрыпты кейінгі жастарға дәріптейді. Ұмыт болып бара жатқан құндылықтарды да жаңғыртады. Осы күндерде Наурызды тойлаудың түрлі жобалары ұсынылып жүр. Мереке заманауи сипатпен ұштастырылса да, Наурыз өзінің негізгі өрнегін, болмысын жоғалтпай келе жатыр. Жылдан жылға Наурызға деген халқымыздың ерекше құрметі байқалады.

Ақмарал Исакова
М. Әуезов атындағы жалпы орта мектебі
қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі

Шағын жинақталған мектептерде оқыту әдістемесі

Шағын жинақты мектептер – бұл алыс мекендерде орналасқан қазақ ауылдарының ұйтқысы, олардың әлеуметтік-мәдени дамуының өзегі. Елбасының «Ауыл – бұл халық өмірінің бейнесі, мәдениеті, дәстүрінің, салты мен рухани өмірінің қайнар көзі. Тек қана осы факторлар жиынтығы бізден ауыл мәселелеріне, соның ішінде оның мектебіне өте сергек қарауымызды талап етеді» деген сөзі мұғалімдерге үлкен міндеттер жүктейді.

Қазіргі таңда еліміздің түпкір-түпкірінде орналасқан шағын елді-мекендердегі мектептердің басым көпшілігі – шағын жинақты мектептер болып есептеледі. Мұндай мектептер саны тәуелсіздік алған жылдардан кейін жыл сайын өсіп келе жатқаны белгілі. Еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының ерекшеліктері, ауыл тұрғындарының қалаға көшуі, жастардың ауылда тұрақтамауы



шағын мектептер санының көп болуына тіреп отыр. Зерттеу бойынша Қазақстан оқушыларының әрбір жетінші оқушысы шағын жинақталған мектептер жағдайында оқиды және әрбір төртінші мұғалім шағын жинақталған мектептерде сабақ береді.

Мектеп құрылымы бұлай өзгеше аталғанымен, мұндағы білім мен тәрбие сапасына қойылатын талап барлық білім беру мекемелеріне қойылатын талаппен бірдей болып қала береді.

Сондықтан да шағын жинақты мектеп жұмысын ұйымдастыруға ерекше көңіл бөлу керек. Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында шағын жинақты мектептерді дамыту проблемасы басым бағыттардың бірі болып белгіленіп, шағын жинақталған мектептерге ерекше көңіл бөлінген. Ұстазы жақсының ұстамы жақсы демекші, ақпан айында «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығында «Шағын жинақталған мектептерде біріктірілген сынып – комплектілерінде пәндерді оқыту әдістемесі» бойынша курс болып өтті. Курсқа «Өрлеу» БАҰО АҚФ Павлодар облысы бойынша ПҚБАИ, инновациялық технологиялар және жаратылыстану ғылыми (гуманитарлық) пәндерді оқыту әдістемесі кафедрасының аға оқытушысы Өміргүл

Ертісханқызы басшылық етті. Екі жұма аралығында Өміргүл Ертісханқызы курсымызды қызықты әрі тартымды өткізді. Әр сабақты түрлі – түрлі тренингпен бастап, көңіл хошымыз болмаса, көңілімізді көтеріп, бойымызға күш – жігер сыйлай білді. Өміргүл Ертісханқызы – көңілі жайдарлы, жан – дүниесі жылулыққа толы, адам жанын сөзсіз ұғып, түсіне білетін, өте ақкөңіл, өте мейрімді, білікті де білімді ұстаз. Екі жұма менің ойыма көптеген естеліктер қалдырды. Келешекте «шағын жинақталған мектепте» жұмыс істейтін жағдай туындаса, осы Өміргүл Ертісханқызынан алған білімімді тәжірибеде қолдана аламын және де, қолдана білемін. Осындай курсты ұйымдастырған Өміргүл Ертісханқызына алғысым шексіз.

Баянауыл ауданы
Сұлужон ауылы
Жансая Багисова

Ардақты менің анашым



Халықаралық мереке – 8 Наурыз мерекесі туралы білімдерін кеңейту;

аналарды тек мереке күні ғана емес, күн сайын сыйлау, қадірлеу керектігін балалардың саналарына ұғындыру мақсатында бастауыш сынып оқушыларымен «Ардақты менің анашым» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Іс-шара көктем мезгілінің нышаны болған ұшып келген құстардың тапсырмаларын орындаудан басталды. Оқушылар шаттық шеңберіне тұрып, психологиялық ахуал орнады.

8-наурыз мерекесі туралы білетіндерін ортаға салып, ойларымен бөлісті. Мақал-мәтелдердің

жалғасын тауып, мағынасын ашты. Аналарына арналған өлең шумақтарын мәнгерлеп оқып, тілектерін айтты. Одан әрі әр топ жылдамдыққа гүлдің бейнесін құрастырып, әр күлтеге анасының жақсы қасиеттерін жазды да, анасына деген сағыныш сезімдерін қоңырау шалу арқылы жүрекжарды лебіздерін білдіріп, аналарын құттықтады. Сынып ұлдары сыныптас қыз балаларға, аналары мен әжелеріне қолдан жасаған сыйлықтарын сыйлады. Тәрбие сағаты асыл әжелеріміз бен аяулы аналарымызға «Ана-жаным» әнімен аяқталды.

Сұлужон ауылы
Баян Мауленқызы

Тұмаудан сақтанайық



Оқушыларға тұмау және тұмаудан сақтану туралы мағлұматтар беру, салауатты өмір салтын қалыптастыру жолдарын ұстана білуге үйрету; оқушыларға денсаулықтың ең басты байлық екенін ұғындыру, тазалық, жеке бас гигиенасы және дұрыс тамақтану туралы пайдалы кеңестер беру; мақсатында бастауыш 2-3 сынып оқушыларымен «Тұмаудан сақтанайық» тақырыбындаақ халатты абзал жан Гүлмира Тлеутайқызы медбикемен кездесу сабағы өткізілді. Кездесу «Күн шапағы» шеңбері арқылы бір-біріне жылы лебіздерін білдіріп, «оқушыға бір кеңес»-пен басталды. «Тұмау» деген не? деген сұрақ қоя оты-

рып оқушылардың өз ойларын тыңдалып ортада талқыланды. Медбике оқушыларға «тұмау туралы не білесің?» сияқты сұрақтар қойып, оқушылар суреттерін салып әр бала өзінше түсінік бере білді. Кездесу денсаулық туралы мақал-мәтел сайысын ұйымдастырып, оқушылар бір-бірімен мақалдан жарысып отырды. Қорыта келе оқушыларға медбике тұмау туралы мағлұматтар бере отырып сабақ барысында оны ойын түрінде, жарыс түрінде түсіндіре отырып мағлұмат бере білді. Кездесу медбикеге алғыс айтумен соңына жетті.

Сұлужон ауылы
Жансая Багисова



№№5-6
(312-313)

от 31 марта
2020 года

МЕН ҚАЗАҚ ҚЫЗДАРЫНА ҚАЙРАН ҚАЛАМ!

Әлбетте, қазақ арулары сұлулығымен, ибасымен, ісмерлігімен ғана емес, ержүректігімен, батырлығымен де аты шыққан. Сақ патшайымы Томирис, Әлия мен Мәншүк, одан да бері Ләззат пен Сәбираға дейін де талай батыр арулар болған.

Айбике ару

Айбике ару Абылай ханның жау тылындағы барлаушыларының басшысы болған. Оның қоластында бірнеше тыңшы, барлаушылары болған. Ол ұзақ жылдар бойы «қолға түскен күң» бейнесіне еніп, қалмақ қонтайшысының ордасында күтуші болады. Жаудың күші мен шапқыншылық ниеті туралы Абылай ханға, Қаракерей Қабанбай мен Қанжығалы Бөгенбай, Шақшақұлы Жәнібек пен Қыпшақ Тілеулі батырларға астыртын құпия хабарлар мен мәліметтерді жеткізіп отырады.

Ержүрек қыз Айбике қалмақ тілін өте жетік меңгерген екен. Оның үстіне Тарбағатай мен Алтайдың таулы өңірлерінде, Зайсан мен Марқакөл маңында кез келген уақытта атпен адаспай жол тауып жүре беретін «жер шолғыш» қасиеті де бар екен. Айбике ару Жоңғар мемлекеті құлағаннан кейін өз еліне аман-есен оралады.

Гауһар батыр

Қазақ пен қалмақ арасындағы соғыс кезінде ерлік істерімен ел есінде қалған қазақ батыр әйелдерінің бірі – Гауһар. Ол атақты Қаракерей Қабанбай батырдың жан жары, Бәсентиін Малайсары батырдың туған қарындасы. Қабанбай батырдың қауіп-қатерге толы сансыз жорықтарында Гауһар ана ерекше табандылықпен қанды шайқастарға қатысқан. Қабанбай



мен Гауһардың тұңғыштары Назым да өзінің ерлік істерімен тарихта аты қалған.

1724 жылы қазақтардың сол кездегі астанасы Түркістан қаласына жоңғарлардың қалың қолы тұтқиылдан шабуылға алады. Осы шайқаста Кіші жүздің ханы Әбілхайыр отыз мың әскер, Орта жүзден Сәмеке жиырма мың әскер дайындап, Қабанбайдың бас сардарлығымен жоңғарға қарсы шабуылға шықпақ болып жатқанда, Гауһар жоңғарлардың қоршауын



